



Автор: Альянова Жанат Рамазановна
Пән: Математика
Сынып: 2-сынып
Бөлім: Көбейту және бөлу. Есептер
Тақырып: Көбейту мен бөлудің байланысы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.1.2.2. Көбейту және бөлу – өзара кері амалдар екенін түсіну, көбейту және бөлу амалдарының компоненттері арасындағы байланысты анықтау. 2.2.1.3. Қосу мен көбейтудің қасиеттерін әріпті теңдік түрінде: $a+b=b+a$; $(a+b)+c=a+(b+c)$; $ab=ba$ көрсету және қолдану;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар : көбейту және бөлу өзара кері амалдар екенін түсінеді Оқушылардың басым бөлігі : көбейту және бөлу амалдарының компоненттерін ажыратады Кейбір оқушылар: Компоненттер арасындағы байланыстарды ажыратады
Тілдік мақсаттар:	Көбейту, бөлу; Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: Тірек сөздердің айтылуын ,есте сақтау дағдысын қалыптастыру; тірек сөздерді сабақ барысында қайталату. Талқылауға арналған сұрақтар: Не себепті.....деп ойлайсыз 1. 15 алманы 3 адамға теңдей бөлуге бола ма? 2. 10 санын 4 көбейтсек қанша болады? 3. 2×2 өрнегі математикалық терминмен қалай айтылады? 4. 20 литр сүтті 4 ыдысқа бөліп құйсақ қанша ыдыс қажет болады
Күтілетін нәтиже:	1.Көбейту және бөлу – өзара кері амалдар екенін түсінеді 2. Көбейту және бөлу амалдарының компоненттері арасындағы байланысты анықтауды біледі; 3. Қосу мен көбейтудің қасиеттерін әріпті теңдік түрінде көрсетуді және қолдануды үйренеді;
Бағалау критерийлері:	1.Көбейту және бөлу – өзара кері амалдар екенін түсінеді 2. Көбейту және бөлу амалдарының компоненттері арасындағы байланысты анықтауды біледі; 3. Қосу мен көбейтудің қасиеттерін әріпті теңдік түрінде көрсетуді және қолдануды үйренеді;
Құндылықтарды дарыту:	Жұптық жұмыста-өзара сыйластық, ынтымақтастық, бір-бірін құрметтеу, адамгершілік, бағалауда –шыншылдық, Бір-бірімен қарым қатынасқа түсе отырып, басқалардың пікірлерін тыңдауға, өз ойын басқалардың пікірлерін тыңдауға, өз пікірін ашық айтуға дағдыланады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Аудиожазба , таныстырылым
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану, дүниетану
Бастапқы білім:	Көбейту мен бөлудің арасындағы байланысты біледі


Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі 2 минут Топтарға бөлу. «Қағаз қиындылары» Бірнеше құттықтау қағаздарын топ құрамындағы оқушылар саны бойынша беске, алтыға жыртып, оларды араластырып, оқушыларға таратып беру керек. Оқушылар қиықтарды құрастырып бүтін сурет шығарады. Сол арқылы топтарға бөлінеді. Психологиялық ахуал қалыптастыру: 3 минут «Өзі туралы кластер» тренинг. Оқушылар танысу үшін өздері туралы кластерлер құрастыруы керек. Олар парақтың ортасындағы шеңберге өз есімдерін жазып, одан таралатын шеңберлерге өздерінің өмірінде маңызы бар бес негізгі рөлін жазады. Мысалы: Жанұяның еркесі, адал дос т.б Топтық жмыс «Қағаз қиындылары»</p> <p>«Өзі туралы кластер»</p>	
----------------------	--	--

Сабақтың ортасы

Мен көбейту мен бөлудің өзара кері амалдар екенін білетін боламын
№1Тапсырмасы:-Суретке қарап, оған берілген жазбаны түсіндір



5e30808c6b549.png

Image not found or type unknown

Дескриптор:

- 1.Суретке қарап, оған берілген жазбаны түсіндіреді
2. Көбейтудің ауыстырымдылық қасиетін қолданады;
3. Бір-біріне түсіндіреді, толықтырады;
4. Берілген сөйлемдерді аяқтап айтады;
5. Көбейту мен бөлудің байланысын түсінеді;

Кері байланыс: «Житондар»

ҚБ «Жұлдызшалар»

№2 Тапсырамасы.ЖЖ «Кім математик?!»

-Көбейту мен бөлуге өзара байланысты теңдіктер құрастыр

5e30819e28870.png

Image not found or type unknown

Дескриптор: 1. Көбейту мен бөлуге өзара байланысты теңдіктер құрастырады;

2. Көбейту мен бөлудің өзара кері амалдар екенін түсінеді;
3. Көбейткіштердің орнын ауыстырғаннан көбейтіндінің мәні өзгермейтінін біледі;
4. Бір-біріне түсіндіреді, толықтырады;

Кері байланыс: «Житондар»

ҚБ «Жұлдызшалар»

Сергіту сәті

3- тапсырма: ТЖ «Шығар , салыстыр»

Дескриптор: 1. Тапсырманы топта талқылайды;

2. Сурет бойынша өрнектер құрастырады;
3. Оларды шығарады, салыстырады;
4. Бір-бірін тыңдап, бағалайды;

Кері байланыс: «Житондар»

ҚБ «Жұлдызшалар»

5- тапсырма: ТЖ «Есепте»

Дескриптор: 1. Көбейту мен бөлуге өзара байланысты теңдіктер құрастырады;

2. Көбейту және бөлу өзара кері амалдар екенін түсінеді;
- 3.Бір-бірін тыңдап, толықтырады;

Кері байланыс: «Житондар»

ҚБ «Жұлдызшалар»

Оқулық,
интербелсенді тақта

Ұжымдық жұмыс

Сабақтың соңы	Дифференциация-қолдау көрсету. Деңгейлік тапсырма беру Бағалау-қалыптастырушы бағалау 5e3083175e54a.png Image not found or type unknown	
Рефлексия	Үй тапсырмасы: 27-б. № 4 Кері байланыс: «Білім ағашы»	